

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қыркүйектегі N 5096 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне және "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бойынша:  
көрсетілген қаулыға 401-қосымшада :  
6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 4-жолдағы "екі залға конференц-жүйесін сатып алу және орнату" деген сөздер "бір залға конференц-жүйесін сатып алу және орнату; саны 4 бірлік автокөлік құралдарын сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 6-жолдағы "Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін " Президентінің," деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*